С.Сейфуллиннің 120 жылдығына арналған **«Сейфуллин оқулары–10: Мемлекеттің индустриалды–инновациялық саясатын құрудағы бәсекеге қабілетті кадрларды дайындау келешегі мен ғылымның рөлі»** атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения–10: Новые перспективы подготовки конкурентоспособных кадров и роль науки в формировании индустриально-инновационной политики страны»,** посвященная 120-летию со дня рождения С.Сейфуллина**.** – 2014. – Т.I, ч.3. – Б.97-99

ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ІСКЕРЛІК ҚАСИЕТТЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Алшынбаева Ж.Е.

Бүгінгі таңдағы еңбасты мәселе – қолжеткен жетістікке қанағаттану емес, болашаққа қадам жасау. Елбасымыз Н.Назарбаев: «Экономикалық көрсеткішіміздің өсуіне орай біздің қоғамымыздағы мәдени және білім деңгейінің артуына, жаңа қазақстандық зияткер ұлт қалыптасуына ерекше назар аудару қажет» деп атап өткен. Міне, осы жерде білім берудің еліміздің индустриялық-инновациялық дамуына қатысу икемі бар жаңа мамандарды дайындаудың арқаулық негізгі міндеттері шығады. Бұл міндеттің стратегиялық маңызы мен мазмұны Елбасымыздың жылсайынғы Жолдауларында да айрықша айтылған. Басты мақсат – барлық деңгейіндегі білім берудің тиімді жүйесін қалыптастыру. Осы мақсатқа орай педагогтардың кәсіби іскерлік дағдылары мен қасиеттерін қалыптастыру мәселесіне тоқталдық.

Педагогтың білімдарлық қасиеті мен кәсіби іскерлік қасиеттерінің анықтаумен, сәйкес іс-әрекеттің табысты болуын жобалау үшін қажетті және жеткілікті шарттар ретінде кәсіби іскерлік қасиеттерді міндетті түрде өзгерту керек. Осыған байланысты кәсіби іскерлік қасиеттер екі этаптан тұру керек:

1. Іс-әрекеттің тиімділігіне байланысты жеке тұлғалық ерекшеліктерді бөлу және тексеру. Мұнда жеке тұлғалық ерекшеліктерді бөлу қызметшілердің, маманның мінездемесі үшін қажетті қасиеттер және олар кәсіби іскерлік қасиеттер болып табылмайды.

2. Жеке тұлғалық ерекшеліктерді тексеру ол үшін бір немесе бірнеше қасиеттерді салыстыруда жеткілікті болуын талап етеді. Егерде айырмашылық байқалса, онда бағаланып отырған қасиет кәсіби іс-әрекеттің табыстылығын жобалауда жеткілікті болып табылады.

Жоғарыда аталып өткен, кәсіби оқыту педагогының функцияларының әрқайсысы өзіндік роль атқаратыны анықталды. Сонымен қатар, оларды жүзеге асыру мүмкіндігі пайда болды. Әрбір функцияға тән кәсіби іскерлік қасиеттер мен қабілеттерді қалыптастыруда іскерлік этика ерекше роль атқарады.

Іскерлік этика – ғылыми зерттеу сферасы ретінде 70-жылдары Құрама Штаттарында дүниеге келді. Бірақ, этикалық мәселелер бизнес пайда болғаннан бері өмір сүрген. Алайда, алғашқы кездері негізгі рольді этика емес, билік атқарды.

Этика – ертедегі теориялық пәндердің бірі: оны оқытудың объектісі болып адамгершілік табылады, яғни адамгершілік туралы ғылым. Адамгершілік – бұл адамға ұсынылатын және адамдар арқылы жүзеге

асырылатын нормалар мен ережелер. Этика адамгершілік принциптері мен нормаларын жалпылап, жүйелейді.

Іскерлік этика – бұл кәсіпкердің практикалық мұқтаждыққа бейімделген негізгі этикалық түсініктері бойынша мәліметтері, жұмыс стилінің талаптары мен іскер адамның бейнесі. Мұнда кәсіпкердің тәртіп нормасы, өзін білу қасиеті, жұмыс стиліндегі мәдени қоғам көрінісі, адамдармен өзара қарым-қатынас жасау қабілеті және мінез-құлық нормалары қарастырылады.

Іскерлік этиканы жүзеге асыруда «Кәсіпкерлік қызмет» курсы басты қызметті атқарады. Кәсіпкерлік қызмет өзіне сай этикамен байланысты. Кәсіпкерлік – бұл жауапты, тәуекелді, шығармашылықты, айрықша қабілеттілікті, біліктілікті талап етеді және құқылы заңдылықпен қамтамасыз етілетін қызмет. Осыған байланысты жоспарда мынадай сапалар мен кәсіби іскерлік қасиеттер көрсетілуі тиіс: іскерлік, қабілеттілік, дұрыс шешім қабылдау, басқару, ұйымдастыру шеберлігі.

Іскерлік этикет адамзат дербестігін терең сыйлауды болжайтын мәде-ниетті, тәртіп ережелерін дұрыс сақтауды қарастыратынын есте сақтау керек. Адам тек қана ресурстармен, өнім және машиналармен, әр түрлі құжаттармен, өндірістік жабдықтармен жұмыс жасамайды, яғни ол әрқашанда басқа адамдармен жұмыс жасайды - басқарады, ұйымдастырады, еңбек ұжымымен қарым-қатынас жасайды. Ал оның жақсы жұмыс істеуіне іскерлік этика көмектеседі. Осыған байланысты оның атағы және беделі, ал оған сәйкес жұмысының табысы мен жетістігі көтеріледі. Сонымен, мұндай жағдайларда іскерлік этика талаптары мен нормаларының маңызы зор. Іскерлік этикет өзара қарым-қатынас шеберлігін меңгеруге мүмкіндік береді. Іскерлік этикет - қайталанатын жағдайларды қалыптастыруға көмектесетін, іс жайлы қарым-қатынастың түрі болып табылады.

Кәсіби іскерлік қасиеттер – бұл кәсіби іс-әрекетті ойдағыдай табысты етіп орындау мүмкіндігін тудыратын жеке тұлғаның тұрақты қасиеттер жүйесі.

Әлеуметтік маңызды қасиеттердің қалыптасуы жеке тұлғалардың құндылық және педагогикалық интеллигенциясының тәртіп нормалары мен ережелерін қабылдау әсерімен жүзеге асады. Тәрбиелік әсер етуінің тиімділігінің нәтижелілігі көбінесе педагогтың ерік жігеріне байланысты қасиеттермен анықталады, яғни оның ынталылығы, табандылығы мақсаттылығы, дербестігі, батылдығы. Осы аталған қасиеттер мен қатар кәсіби оқыту педагогы мына қасиеттерге ие болуы қажет: шыдамдылық, тәртіптілік, педагогикалық жағдайдың өзгеруі кезінде студенттердің реакциясын байқау қабілеті, әсер ету әдіс-тәсілдерін қайта құруға дайын болуы (1 –суретте жаңа тұрпатты педагогтың кәсіби тұлғалық сипаттамасы).



Қорытындылайтын болсақ, кәсіпкерлік қызметтегі іскерлік этика біздің қалауымыз бойынша пайда болуы мүмкін емес. Оның қалыптасуы - өте күрделі және ұзақ процесс.

Әдебиеттер тізімі

1. Ковжасарова М.Р., Нурахметов Н.Н., Аульбекова Г.Д. Технологизация учебного процесса: казахстанский опыт. – Алматы: Изд-во „Зият-Пресс“, 2005.
2. Егоров В.В., Шкутина Л.А., Новоселов К.Н. Творческий компонент подготовки педагога профессионального образования. Киров. 2001.
3. Карельская А.К. Формирование профессионально значимых качеств личности будущего педагога // Проф. образование. 2003. №3.
4. Пірәлиев С. Жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие процесінде болашақ мұғалімнің кәсіби бейімделуі // Қазақстан жоғары мектебі. 2001. №2.